



# РАНОРАМА: ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ, I

1300–1500 жылдардағы  
Афроеуразиядағы дағдарыстар  
және оны қалпына келтіру кезеңдері



## Кіріспе

Адамзат тарихында ежелгі кезеңнен бастап адам өмірінің сан алуан салаларында түрлі дағдарыстар туындап отырған. Олар экологиялық апаттар, эпидемиялар, соғыс зардабының дағдарыстары негізінде – экономикалық, мәдени, әлеуметтік дағдарыстар және т.б. Осынау қиын-қыстау кезеңде тірі қалудың әрекетін іздестірген адам баласының санасы да қажеттілікке қарай дамып, тығырықтан шығатын жолдарды іздей бастады. Бұл өз кезегінде өркениеттердің прогресіне ықпал беріп, медицина және басқа да салаларды гүлдендіре түсті.

Тарихтағы ұлы дағдарыстар адам баласы үшін көптеген салдарларға алып келгені жайлы біз алдыңғы дәрісімізде біраз талқылаған болатынбыз. Бұл шіркеудің рөлінің өзгеруіне, мәдениет пен соғыс өнерінде, теңіз саяхаттарында прогреске алып келді. Сонымен қатар, Қытай, Оңтүстік Азия, орталық араб мемлекеттерінде де адам тұрмысының ерекше даму белгілері байқалды.

Оқулық авторларының мәліметтерін талдауға ала отырып, XV ғасырдың басында Афроеуразияда шамамен 700 жыл бойы байқалған халық санының көбеюі, экономикалық өсім және халықаралық сауданың кеңеюі өз бағдарларын өзгерткенін көреміз. Сол кезеңнің үлкен дағдарыстарының орын алуының өзін авторлар басты себептер арқылы шешуге тырысады.

Бірінші себеп: Солтүстік жарты шардағы климаттың өзгеруі және егін шығымдылығының төмендеуімен байланысты болса, екінші себеп: жүз мыңдаған және миллиондаған адамдарға жұққан әртүрлі жұқпалы аурулардың күшеюі болған екен. Сол кезеңдегі ең атақты және өлімге толы эпидемия тарихта «Қара өлім» атауымен қалды. Үшінші себеп: Еуропаның саяси картасын танымастай өзгерткен аймақтық соғыстардың көбеюі болса, соңғы себеп: ғасырлар бойы күшейген Транс-еуразиялық Жібек жолы бойындағы сауда мен мәдени тәжірибе алмасу белсенділігінің бұрын-соңды болмаған деңгейге төмендеуі еді.

Бұл дағдарыс 1400-жылдардың соңында жаңарумен/ренессанспен алмасты. Тарихта «қараңғы/қара уақыт» деп қалған құлдырау кезеңі сәтті өтті және адамзаттың кез келген өзгерістер мен қиындықтарға бейімделуінің керемет қабілеттілігін көрсетті.

## XIV ғасырдағы экологиялық дағдарыстар

Авторлар XIV ғасырдағы экологиялық дағдарыстарды атап өту барысында Афроеуразия халқының саны жеті ғасыр бойы 1300 жылға дейін тұрақты өсіп келгенін алға тартады. Ал 1300–1400 жылдар аралығында ол шамамен 16%-ға төмендегенін салыстырмалы талдаулармен дәлелдейді. Бұл демографиялық құлдырау кез келген жерде болған жоқ және де бір уақытта болмағанын есте ұстауымыз керек. Мысалы, Африкада Сахарадан оңтүстікке қарай, демографиялық құлдырау мүлдем болмаған. Мәліметтерге қарасақ, Қытай және ішкі Еуразия халқының саны 1200 жылдардан бастап моңғол жаулауымен байланысты құлай бастағанын көреміз және 1300 жылдарда халық саны төмендеуін ары қарай жалғастырған. Еуропадағы – 1340–1400-жылдардағы халық санының тез өсуінен кейін 3 ғасыр өткен соң оның апатты төмендеуі басталған. Жалпы, Афроеуразияның халық саны дағдарысқа дейінгі деңгейге тек XV ғасырдың екінші жартысында келді.

Саяси салада да монументалды өзгерістер болған. Екі ұлы моңғол мемлекеті – Қытайдағы Юань әулеті мен Иран-Ирак, немесе Илханат хандығы 1370 жылдары ыдырай бастады. Басқа екі ірі моңғол империясы – Шығыс даласы мен Орталық Азиядағы Шағатай хандығы және Батыс даласы мен Ресейдегі Алтын Орда – әулеттік соғыстар мен көтерілістер нәтижесінде ғасырдың соңына қарай ыдырай бастады.

Авторлар Жерорта теңізі бассейнінде Мысыр мен Сириядағы Мамлүктердің түркі империясында 1350 жылдан кейін ішкі дағдарыстар пайда болғанын көрсетеді. Батыс Африкадағы Мали империясы провинцияларындағы дау мен көтеріліс себептері мемлекеттің жағдайын едәуір әлсіретті.



## Нөсер жаңбыр мен құрғақшылық

Жалпы оқулық авторлары құрғақшылық пен жауындардың мөлшерден тыс болуы үлкен апатқа әкелетінін көрсетіп берген болатын.

IX–XIII ғасырлардағы Солтүстік Атлантикалық жылу кезеңі 1200 жылдары Кішігірім мұз дәуіріне ауысқандығын, оның өзі 1800 жылға дейін созылғандығын, 1310-жылдары Батыс Еуропа экологиялық апатқа ұшырағандығын дәлелдейді. 1311 жылғы дәстүрлі жылы жаздан кейін 1312–1315 жылдары төрт жыл бойы жаңбырлы жаз болды. Ауыр жаңбыр мен ерекше қатты қыс Англия, Шотландия, солтүстік Франция және Германиядағы жеміс бақшаларының бір мезгілдегі құрып кетуіне әкеліп соқты.

Температураның төмендеуінің тікелей нәтижесі – XIV ғасырдың бірінші жартысындағы жаппай аштықтың болуы. Бұл аштық Еуропалық хроникада Ұлы ашаршылық атауымен белгілі. Ашаршылық салдары феодалдық экономиканың дағдарысына, үлкен шаруа көтерілістеріне қайта алып келді.

## Ұлы індет

Ұлы эпидемияға қатысты оқулық авторлары әр кезеңнің өзіндік ерекшеліктерін алға тарта отырып талдауға алады. Бубон түрінде өткен қара өлім – оба пандемиясы, XIV ғасырдың ортасында Азия, Еуропа (1346–1353жж.), Солтүстік Африка мен Гренландияда басым орын алды. Ол сондай-ақ «екінші пандемия» деген атаумен әйгілі болды. Кіші мұз дәуірінің басында туындаған Еуразиядағы климаттың өзгеруі нәтижесінде Гоби шөлі аумағында табиғи ошақтардан эпидемия таралды.

Алдымен Қытай мен Үндістанды басып алғаннан кейін, моңғол әскерлері сауда керуендерімен бірге Еуропаға кірді. Жалпы алғанда, Қара өлім екі онжылдықта кем дегенде 60 млн адамды жалмады. 1361 жылы («екінші оба»), 1369 жылы («үшінші оба») және тағы бірнеше рет эпидемия аз ауқыммен қайталанды.

Қара өлім – инфекциялы ауру, Афроеуразия бөліктеріндегі халық санын XIV ғасыр ортасында айтарлықтай қысқартқан оба індеті Еуропа тарихында үлкен із қалдырды, экономика, психология, мәдениет және халықтың тіпті генетикалық құрамында да өшпес із қалдырған. 1998 жылы Қара өлім құрбандары қалдықтарының генетикалық зерттеулері арқылы жұқпалы эпидемиялық агент *Yersinia pestis* болып бекітілді.

## Қара өлімнің шығу тегі

Оқулық авторлары қара өлімнің алдында көптеген қақтығыстардың болғандығы осындай қиын жағдайларға байланысты деп көрсетеді. Сол уақыттың құжаттары мен хроникасы Орталық Қытайда ауыр құрғақшылық пен кейінгі ашаршылық, Хенан провинциясындағы шегірткілер шабуылы, содан кейін 1333 жылы Ханбалықтағы (қазір Бейжің) дауыл мен тоқтамас жаңбырлар апаттары туралы ақпарат берді. Осының бәрі кішкентай кеміргіштердің адам мекендейтін орындарға жақын орналасқандығынан, сондай-ақ, олардың едәуір көп таралуына әкелгендігіне, нәтижесінде олардың оба ауруы таралуына себеп болғандығын жеткізеді.

Еуропа климаты тек суық емес, сонымен қатар, тұрақсыз болды, бұл егінді бұзып, 1315–1317 жж. аштыққа әкелді. Аспен қоректенбеу иммундық жүйенің жалпы әлсіреуіне әкеліп, Еуропа Пеллагра және Ксерофтальмия эпидемияларына шалдықты. Сол кезде пандемиялық эпидемиялар Ломбардия, Голландия, Франция және Германияға тарады.

Экологиялық алғышарттармен қатар обаның таратылуына бірқатар әлеуметтік-экономикалық факторлар ықпал етті. Эпидемияға және ашаршылыққа әскери дүлей апаттар қосылды, яғни Франциядағы соғыстар кейін жүзжылдық соғыс деген атау алды.

Авторлар «Қара өлімнің» айтарлықтай демографиялық, әлеуметтік, экономикалық, мәдени және діни салдары болғанын атап өтеді. Еуропа халқының генетикалық құрылымына әсер



еткендігін және зардап шеккен халықтың қан топтарының арақатынасын өзгерткенін айтады. Шығу себептеріне тоқтала отырып, оба зардаптары халықтың күрт құлдырауы, атап айтқанда, саяси тұрақсыздыққа, сондай-ақ, технологиялық және мәдени регрессияға алып келді. Ал мұның өзі кезінде аты дүркіреген Алтын Ордаға қатты әсер етті.

Эпидемия адамдардың санының күрт азаюы салдарынан феодалдық қарым-қатынастардың алғашқы жарлықтарының шығуына негіз болды. Кітап авторлары оба індетінен кейінгі уақыт жаңа идеялар мен ортағасырлық сана-сезімді ояту уақыты болды деп көрсетеді. Бұған дәлел ретінде ғасырлар бойы ұйқыдағы Афроеуразияда медицина оянды, оның өзі жаңа кезеңге аяқ басуға үлкен импульс болғанын алға тартады. Сонымен қатар, жұмысшылардың жетіспеушілігі шаруа қожалықтары мен түрлі қызметшілерге жұмыс берушілермен жақсы қарым-қатынас орнатуға және еңбек жағдайларын жақсартуды талап етті.

1351 жылы Англия Парламенті жұмысшылардың жалақысын көбейтуге тыйым салатын жұмысшылар заңын қабылдады. Салықтар өсті, жауап ретінде төменгі класс қарсылық көрсетті. Еуропада салық органдары мен үкіметтерге қарсы бағытталған тәртіпсіздік орын алды.

### **Қытай: Моңғол билігінің құлдырауы**

Ал енді осындай қиын кезеңдерді бастан өткеріп жатқан тұста моңғол үстемділігінің соңындағы Қытайдың да саяси және әлеуметтік салаларындағы дағдарыстар туралы да оқулық авторлары салыстырмалы ойларын жақсы береді.

Қытай Моңғолияның ықпалынан Қызылдар көтерілісі арқылы шығып кетті. Төңкеріс империяның құлдырауымен, Қытайдың тәуелсіздігін қалпына келтірумен және онда 1368 жылы Қытайдағы Минг әулетінің құрылуымен аяқталды. Көтерілістің басталуы – 1351 жыл болып есептеледі.

Көтерілістің басы шаруа қақтығыстарынан басталды. Ұлттық көтеріліс өскен сайын, ол азаматтық соғысқа айналды.

Бұл соғыстың жеңімпазы Чжу Юаньжанг болды. Ол алдымен Нанкинде орналасып, содан соң Қызылдар мен басқа да бүлікшілер топтарының басшыларын жеңді. Ол Моңғолияның астанасы Дадуды алып, жаңа патшаның императоры болып жарияланғанын алға тартады авторлар.

### **Орталық Мұсылман өлкелеріндегі саяси және экономикалық қиындықтар**

Сондай-ақ, Орталық ислам жерлеріндегі саяси және экономикалық қиындықтар да оқулық авторларының назарында. Атап айтсақ, Иран мен Ирактағы Моңғол хандығы Оңтүстік-Батыс Азиядағы Қара өлімге дейін 1335 жылы, яғни 20 жыл ішінде өмірін тоқтатты деп көрсетеді. Бөліну экономикалық себептерге және сарайдың шиеленісіне байланысты болды. Хандықтың құлдырауы аймақтағы бірнеше әлсіз мемлекеттерді күйретті.

Осы кезеңде, тарих сахнасына Орталық Азиядағы түркілердің қолбасшысы және Кавказ, Еділ мен Ресейге басқыншылық жасаған, Орталық, Оңтүстік және Батыс Азия тарихында маңызды рөл атқарған Әмір Темір шығады. Темірланның саяси белсенділігінің басталуы Шыңғысханның өмірбаянына ұқсас екендігін де авторлар атап өтеді.

1370 жылы Әмір Темір Тұранның ұлы әмірі болып сайланды. Құрылтайда Әмір Темір Мавераннахрдың барлық қолбасшыларының антын қабылдады. Мемлекет астанасы – Самарқанд болды. Әмір Темір орталықтандырылған мемлекет құру үшін күрес бастады.

1371–1390 жыл аралығында Әмір Темір Моғолстанға жеті рет әскери сапар жасап, 1390 жылы Қамар әл-Дин және Анка-тир әскерлерін жеңеді.

Әмір Темірдің алға қойған мақсаттары Алтын Орданы тоқыратып, оның шығыс бөлігіндегі саяси жағдайды қалпына келтіріп, бұрынғы Моғолстан мен Мавераннахрды біріктіріп, бір кездері Шағатай ұлысы деп аталатын ірі мемлекетті қайта құру еді. 1386 жылдан 1396 жыл



аралығында Әмір Темір Орта Азияға және Ресей аумағындағы қазіргі Рязань жеріне екі рет шабуыл жасады. 1399 жылы Әмір Темір Гангтың жағалауына жетіп, бірнеше қалалар мен бекіністерді алып, Самарқандқа оралады.

Кітап авторлары 1399 жылы Үндістаннан оралған Әмір Темірдің бірден Иранға қарсы «жеті жылдық» шабуылды бастағанын жақсылап талдауға алады. Бұл науқан, негізінен, Миран Шахтың басшылығымен орын алған тәртіпсіздікке байланысты болды. 1400 жылы Әмір Темір Баязидке қарсы әскери шабуылын бастады деп көрсетеді.

Әмір Темір 68 жасында 1404 жылдың күзінде Қытайға шабуыл жасау жоспарын бастады. Негізгі мақсаты – Ұлы Жібек жолының қалған бөлігінен пайда табу және отандық Мавераннахр мен оның астанасы – Самарқандтың гүлденуін қамтамасыз ету болғанын авторлар атап өтеді. Шабуыл суық қыстың себебімен тоқтатылды, ал 1405 жылдың ақпан айында Әмір Темір қайтыс болады.

Оқулық авторлары тамаша мәліметтер келтіре отырып сипаттаған қарбаласы көп, осынша тынымсыз заманның ұлы ойшылы, тарихи тұлға – Ибн Халдун туралы дәлелдері де өте қызықты.

Ибн Халдун 1332 жылы Тунисте дүниеге келді. Туған Тунис қаласында Құран, хадис, құқық, грамматика сияқты бағыттарды зерттеді. Авторлар 1362 жылы Испанияға кетуге мәжбүр болған ойшылдың логика және бірнеше өлеңдер туралы трактаттар жазуын ерекше атап өтеді.

Кейінірек Ибн Халдун Тунис және Фез билеушілерінің бірі болды. 1382 жылдан бастап Каирде профессор, содан кейін жоғары кади лауазымын адал атқарғанын атап өтеді. Адалдық оған көптеген жауларды сыйлады, сондықтан ол бірнеше рет жұмыстан шығарылды, бірақ, содан кейін ол қайтадан қызметке шақырылып отырғанын да жазады. Өзінің тарихи еңбегі Мукадимада (тарихқа кіріспе), Ибн Халдун елдер мен халықтардың өсуі мен ыдырауы себептерін талдайды.

### «Қара өлімнің» Еуропадағы салдары

Оқулық авторлары «Қаралы өлімнен» кейінгі Еуропаның демографиялық, әлеуметтік, экономикалық, мәдени және діни салдары ауқымды болғанын айтады. Еуропадағы демографиялық ахуал, тек XIX ғасырдың басында тұрақтанды. Ауылшаруашылық жерлерінің бір бөлігі қаңырап бос қалды. Жер мен жалдау бағасы арзандады. Сонымен қатар, XIV ғасырдың екінші жартысында инфляция және азық-түлік бағалары жоғарылап кетті.

Авторлар рухани салада да шіркеудің адамның ақыл-ойларына деген күші айтарлықтай шайқалғанын атап өтеді. Шіркеулердің обамен күресудегі дәрменсіздігі оның күш-қуатын әлсіретіп, адамдардың ақыл-ойларында философиядағы жаңа бетбұрыстың бастауын қалады. Екінші жағынан, діни қызметкерлер мен монахтардың саны шамамен 40%-ға төмендеді, бос шіркеулер саны көбейді. Мұндай қызметтегі жетіспеушілікті толтыру үшін жоғары діни қызметкерлер кандидаттарға қойылатын талаптарды төмендетуге, әдеттегіден әлдеқайда кіші және көп жағдайда немқұрайлы контингенттерді анықтауға мәжбүр болды. Эпидемияның нәтижесінде оба эпидемиясы басталғанға дейінгі өте жоғары деңгейде болған діни білім күрт төмендеді.

Авторлар XV ғасырда екі жаңа технологиялар кеңінен таралғанын атап өтеді. Ол кітап басып шығару және күкірт қаруы. Осыған байланысты Қарудың пайда болуы мен соғыс әдісі өзгерді. Ол сондай-ақ бекіністерге – бекініс құрылыстарына және басқа қорғаныстық инженерлік құрылымдарға да әсер етті. Қарудың жаңа түрлері үшін сұраныс, өнеркәсіптің қарқынды дамуына әкелді – темір, мыс өндірісі ұлғайды.

Кітап басып шығарудың да авторлар екі негізгі компоненті болғанын көрсетеді: теру принциптері және басып шығару процесі – көне заманнан бері белгілі, бірақ, әлемде байланыс революциясын жасау үшін, біроңтайлы технология қажет болды. Бұл технологияны 1440 жылдардың ортасында ойлап тапқан – неміс өнертапқышы Иоганн Гутенберг туралы берген мәліметтері де өте қызықты.



## Қытайдағы Мин династиясы: Жаңа даму кезеңі мен теңіз шабуылы

Минг әулетін авторлар Қытайдағы ең танымал әулеттердің бірі ретінде арнайы қарастырады. Оны Чжу Юань Жанг құрды. Минг әулеті 1368 жылдан бастап 1644 жылға дейін Қытайды басқарған әулеттің соңғысы болды. Бұған дейін билеуші элита Моңғолияның юань әулетіне айналды, ал Минг құлағаннан кейін Манчу Цин әулеті билікте болды. Мин ұлы әулеті Ұлы Мин империясы деп аталды.

Сондай-ақ кітап авторлары 1405 жылдың шілдесінде қытайлық теңіз командирі Чжэн Хэ 208 кемені алғаш рет 28 мың теңізшілерімен бірге басқарып, ол Американы Колумбтан 70 жыл бұрын ашқандығы туралы мәліметті талдауға алады.

Минг әулеті – бұл қазіргі заманға сай, капитализмнің бастамасы және алғашқы тауар-ақша қатынастары болған алғашқы әулет. Қытайда Минг әулетіне қатысты он немесе одан да көп цехтары бар алғашқы өндірістер ашылды. Онда жалдамалы жұмысшылар жұмыс істеді. Елде әртүрлі тауарлар өндірісінің көлемі өсті.

1616 жылы Чжурч Жэней Нурхацци ұрпақтарының басшысы өзін хан деп жариялап, Цин әулетінің негізін қалады («Алтын»). Осылайша, Манчу шегара империясы пайда болды.

## Оңтүстік Азия: өзгерістің тұрақты бағыты

Кітап авторларына сүйенсек, XV ғасырда Оңтүстік Азияның дамуы негізінен ислам дінінің таралуымен сипатталады. 1206–1526 және 1539–1555 жылдары елдің солтүстік бөлігінде болған заманауи Үндістан аумағында алғашқы ірі мұсылман мемлекеті – Дели Сұлтандығы саяси картадан орын алды. Осы кезеңде Дели алғаш рет мемлекеттің астанасы болған. Сондай-ақ тарихта алғаш рет миллиондаған индустар монотеистердің басқаруында болды.

Билеуші класс ішінде сүнниттер мен шииттер, түріктер және парсы тілдес, Үндістанда тұратын және Таяу Шығыс елдерінен келген мұсылмандар арасында қайшылықтар ұзақ уақыт бойы болған. Сондай-ақ жекеменшікке және салық төлеуден босатылған жерлер де болды. Жер иелері, жергілікті тұрғындар жер салығын төледі. Жердің бір бөлігінен салық тікелей қазынаға, яғни Халис жеріне жиналған.

Үндістанның оңтүстігінде Дели сұлтандығы мен Оңтүстік Үндістан арасындағы шайқаста Виджаянагар империясы пайда болды. Мемлекет Бирмаға және Цейлонға агрессиялық шабуыл жасаған Деварайе II (1422–1446) билігінің кезінде гүлдене түсті. XV–XVI ғғ. Виджаянагар империясының негізгі қарсыласы Үндістанның батысында Бахманид сұлтанаты болды.

Ал енді, оқулық авторларының көрсеткеніндей Орталық мұсылман мемлекеттеріндегі империяның құрылысын талдауға алып көрсек, алдыменен Османлы империясынан бастаймыз.

Османлы империясы – Кіші Азияның солтүстік-батысындағы Осман империясының Осман Гази қаласындағы Османлы түріктерінің Ульм басшылығымен 1299 жылы құрылған мемлекет. 1300 жылға қарай Византия империясы әлсіреп, Анадолыдағы жердің көп бөлігін жоғалтты. Осы кезеңде Османлы үкіметі құрылып, оның құрылуы империяның бүкіл өмірін өзгертті. Бұл империяны жылдам кеңейту маңызды болды. Үкімет діни және этникалық топтардың орталық үкіметтен толығымен тәуелсіз болатын қоғамдық-саяси жүйені пайдаланды. Османның мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізуге үлес қосқандардың барлығын билеуші қолдады.

Кітап авторлары Осман империясының билігі Осман қайтыс болғаннан кейін де Шығыс Жерорта теңізі мен Балқанға дейін таралғанын атап өтеді. 1324 жылы Османның ұлы Орхан Бурсуны басып алып, оны Османлы мемлекетінің жаңа астанасына айналдырды. Бурсудың құлауы Солтүстік-Батыс Анадолыдағы византиялық бақылауды жоғалтуды білдірді. 1352 жылы Осман империясы стратегиялық маңызды Цимпа бекінісін жаулап алды. 1387 жылғы қоршаудан кейін түріктер Константинопольдың ең үлкен қаласы – Салоники империясын басып алды. Балкандағы Османлы байлықтарын кеңейту кезінде түріктердің маңызды міндеті Константинопольды басып алу болды. Осман империясы жүздеген километрге созылып, бұрынғы Византияның барлық жерлерін басқарып, қаланы қоршап алды.



Османлы түріктері Константинопольді 1453 жылы Сұлтан II Мехмед басшылығымен басып алған. Бұл Шығыс Рим империясының жойылуын білдірді. Жеңіс Шығыс Жерорта теңізі бассейнінде түріктердің үстемдігін қамтамасыз етті.

## Еуропадағы қайта өрлеудің мәні

Оқулық авторлары Еуропадағы Ренессанстың маңыздылығын ерекше көрсетеді. Ренессанс ерекше тарихи маңызы бар гуманизм идеялары мен көркемдік жетістіктерімен байланысты. Гуманистер адамды Құдайдың ең әдемі және кемелді жаратылысы ретінде санады.

Кітап авторларының тұжырымдары бойынша, адамның рухани әлемі де өзгерді. Ренессанс кезінде әлеуметтік идеяның өзгеруі байқалды. Егер бұрын жалғыз Құдайға ғибадат ету лайық болған болса, енді дін елеусіз қалды немесе адамның жұмысының біреуі деп танылды. Барлық адамның қалауын шексіз қанағаттандыру – идеалдылық болды. Адамның шексіз мүмкіндіктеріне, еркіне және ақылына сену арқылы жандану пайда болды деп көрсетеді авторлар. Бұл кезең шығармашылығы дамыған көпқырлы тұлғалардың үлгісі болған, Ренессанс титандары кезеңі екенін авторлар дәлелдеуге тырысады.

## Қорытынды

Қорыта айтқанда, адамзат тарихи даму барысында түрлі қиыншылықтарды бастан кешірген болатын. Дағдарыстардың себептері соғыстар, жұқпалы аурулар, климаттың өзгеруі болып табылады. Оларды жеңу барысында адам баласының ой-санасы дамыды, әлемнің келбеті өзгерді. Мәселен, Қытай жеріндегі төңкеріс, Әмір Темірдің жорықтары мыңдаған адамдардың өліміне, кедейшілік пен ауруларға тап болуына алып келді. Сонымен қатар, климаттық өзгерістер, жауын-шашынның азаюы, аштыққа, ал ол өз кезегінде адамдардың иммунитетінің төмендеп, түрлі жұқпалы ауруларға шалдығуына әсер етті. Бұл процестердің барлығы бір-бірімен тығыз байланысты және олардың тарихта қалдырған ізі бүгін де байқалады.

Дәріс барысында осындай адам өміріндегі дағдарыстарды, халықтардың өсуі мен ыдырау себептерін зерттеген ғалым Ибн Халдун жайлы мәліметтер қарастырылуы да кездейсоқтық емес. Себебі сол кезеңнің деректанушысы ретінде ондағы ақпаратты алғашқы түпдеректен алу да авторлардың жан-жақты талдауға барғандығының куәсі.

Ұлы дағдарыстардың ықпалы адам баласы үшін үлкен өзгерістердің басы болып саналды. «Қаралы өлімді» басынан кешірген Еуропа халқы шіркеуге деген сенімін жоғалтты. Күкірт қаруы жасалып, соғыс өнері дами түсті. Адам баласы кітап басып, мәдени ренессансты бастан кешірумен қатар, рухани өзгерістерге де тап болды. Сурет өнері, мүсін өнері, архитектурада өзгерістер байқалып, өнер қолөнерден бөлінді. Гүлдену Еуропа ғана емес, Қытай, Оңтүстік Азия, Орталық мұсылман, араб мемлекеттеріне де жетті.

## Сұрақтары

1. Афроеуразиядағы 1300–1500 жылдарғы демографиялық дағдарыстың негізгі себептері, сондай-ақ, олардың саяси, экономикалық және әлеуметтік салдарын атаңыз.
2. Қытайдағы Моңғол патшалығының құлдырауы және Минг әулетінің билікке келуін сипаттап беріңіз.
3. Темірланның өмір сүру жолы мен жаулап алуы туралы сипаттап беріңіз.
4. Ибн Халдун қалай танымал болды?